- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар адамдарға (балаларды қоса алғанда) немесе тәжірибе мен білімнің жетіспеушілігіне, мұндай адамдарға олардың қауіпсіздігіне жауапты адамның осы аспапты пайдалануына қатысты қадағалау жүзеге асырылатын немесе оларға нұсқау берілетін жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларды аспаппен ойнауға жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.

- Аспапты және адаптерді қараусыз қалдырмаңыз. Оларды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Аспапты ваннаға, шұңғылшаға немесе сумен толтырылған басқа да ыдыстарға жақын жерде, сондай-ақ ылғалдылығы жоғары үй-жайларда пайдаланбаңыз.
- Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз. Аспапты ыстықтан, тікелей күн сәулелерінен, үшкір бұрыштарға соғылуынан, ылғалдан (ешбір жағдайда аспапты суға немесе басқа сұйықтыққа батырмаңыз) сақтаңыз. Қуат көзі адаптерін желіге дымқыл қолмен қоспаңыз (оған қол тигізбеңіз).
- Аккумуляторды (АКБ) зарядтау үшін осы модельдің шаңсорғыш жиынтығына кіретін зарядтау құрылғысын (адаптерді) ғана пайдаланыңыз. Бұл адаптерді басқа мақсаттарда пайдаланбаңыз.
- Адаптер мен қуат баусымы зақымданса, ешбір жағдайда адаптерді розеткаға қоспаңыз. Адаптерді ауыстыру (жөндеу) қажет болса, авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.
- **Адаптерді бөлшектемеңіз!**
- Егер тазалау кезінде шаң сорғыш разрядталып қалса, оны разрядталған батареямен сақтауға қоймаңыз, бұл батареяның сыни разрядталуына және істен шығуына әкелуі мүмкін. Шаңсорғышты міндетті түрде зарядтаңыз.



1
Аспапты сыртқы
төтенше
әсерлерге
ұшыратпаңыз



2
Аспапты көз
келген
соқылардан
сақтаңыз



3
Аспапты және
адаптерді
қараусыз
қалдырмаңыз.
Балалардың қолы
жетпейтін жерде
сақтаңыз



4
Аспапты
шұңғылшаға
қоймаңыз!
Аспаптың
корпусы құрғақ
болуы тиіс!

- Аккумуляторды зарядтау үшін, алдымен адаптердің штепселын батареядағы немесе құрылғының корпусындағы тиісті розеткаға, содан кейін адаптердің штепселын розеткаға салыңыз. Аккумулятор зарядталғаннан кейін адаптерді желіге қосылған күйде қалдырмаңыз.
- Адаптерді тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында адаптер желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- Адаптерді желіге қосар алдында, оның істікшесі аспаптың (батареяның) тиісті ұяшығына қондырылғанына көз жеткізіңіз.
- Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.
- Аккумулятор зарядталуы аяқталғаннан кейін, адаптерді желіден және аспаптағы зарядтау ұяшығынан ажыратыңыз.
- Адаптерді, қуат баусымынан ұстап, тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, адаптерді, оның қуат баусымынан ұстап, желіден ажыратуға тыйым салынады. Адаптерді желіден ажыратқанда, ток өткізгіш істіктерге қол тигізбей, адаптердің корпусынан ұстаңыз.
- Аспапқа берілетін кепілдіктің сақталуы үшін және техникалық мәселелерге жол бермеу үшін, аспапты өздігіңізден бөлшектеуге және жөндеуге тырыспаңыз. Жөндеу тек қана сервистік орталығының білікті мамандарымен жүргізілуі тиіс.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.



Ескертпе ретінде!

Осы Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта келтірілген суреттерде тек қана жалпы, сызбалы кескіндер пайдаланылған.

ОСЫ АСПАПТЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӨНІНДЕГІ АРНАЙЫ НҰСҚАУЛАР



Назар аударыңыз!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS авторланған сервистік орталығына хабарласыңыз.

- Аспаптардың жұмысы кезінде оны қыздыру және басқа да электр аспаптарынан алыс орналастырыңыз.
- Шаңсорғыш жұмыс істегенде тазаланатын бөлменің еденіне жұмыс істеп тұрған жылыту аспаптарын, олардың қуат алу сымдарын және басқа да жылу көздерін орналастырмаңыз.
- Шаңсорғышты шаң жинайтын контейнерсіз және осы Нұсқаулыққа сәйкес тиісті түрде қызмет көрсетілген сүзгілерсіз пайдалануға тыйым салынады.
- Жұмыс үзілісі кезінде шаңсорғышты еденде немесе тік жағдайда қалдырмаңыз, бұл оның құлауына және корпус пен аксессуарлардың пластик бөлшектерінің зақымдалуына әкелуі мүмкін. Тіпті, жұмыста қысқа үзіліс болған кезде де, әрқашан аспапты қабырғаға бекітуге орнатыңыз.
- Шаңсорғышты тазалау үшін қазақ заттарды және органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Шаңсорғышпен келесі заттар мен материалдарды жинамаңыз:

- жанғыш заттар: күл, шоқтар, тұқылдар және т.б.;
- үшкір заттар: сынған шыны, инелер, кеңселік жапсырма шегелер, қыстырғыштар және басқ.;
- принтерлерде немесе көшіру машиналарында қолданылатын бояғыш, өйткені ол электр өткізгіш таспа болып табылады және сүзгіден толығымен жойылмайды;
- улы, жарылыс қауіпті және күйдіргіш заттарды;
- асбест немесе асбест шаңы, сондай-ақ құрылыс қоқысы мен қалдықтары.
- құрылыс гипс-цемент-әк тозаңы.
- ылғалды шаң және лас;
- ірі көлемді фрагменттер
- су және басқа да сұйықтықтар.
- Шаңсорғышпен адамдарды, үй жануарларын және үй жануарлар мекенін (торлар, ұялар, қаумал және т.б.) өңдемеңіз
- Шаңсорғышпен тіршілік әрекеттерінің қалдықтарын жинамаңыз.

- Тек қана өндіруші ұсынған аксессуарлар мен қосалқы бөлшектерді пайдаланыңыз.
- Жұмыс кезінде шаңсорғыштың ауа шығару тесігін жабуға жол берілмейді.
- Аспап тек түпнұсқа АКБ және жиынтықта жеткізілетін зарядтау құрылғысымен жұмыс істеуге арналған. Қуат көзі мен зарядтау үшін бөгде құрылғыларды пайдалануға тыйым салынады. Бұл аспаптың зақымдануын тудыруы мүмкін.
- Әрбір пайданғаннан кейін, аспапты және шаңжинағыш контейнер мен сүзгіні тазалап отырыңыз.
- Егер аспап ұзақ пайдаланылмаса, АКБ зарядтауды әрбір 3 ай сайын алдын ала толық разрядтап жүргізу ұсынылады, ол үшін аспапты барынша мүмкін болатын уақытқа іске қосу қажет.
- Қауіпті жүктеме кезінде, қозғалтқыш немесе щетка ролігі тоқтап қалуы мүмкін, бұл қалыпты қорғаныс жұмысы. Қайта іске қосу үшін, шаңсорғышты өшіріп, қайта қосыңыз. Кіріс және шығыс диффузорларының көлденең қиғасын қабаттастырмаңыз, тазалау кезінде щетканы басаңыз.



Шаңсорғышты тазарту үшін химиялық еріткіштерді пайдаланбаңыз



Шаңсорғышпен адамдар мен жануарларды өңдемеңіз



Жұмыс кезінде еденнен сымдарды, кабелдерді, жұмыс істеп тұрған қыздырғыштарды жинап қойыңыз



Шаңсорғышты тік күйінде сүйелген түрде қалдырмаңыз – ол құлап кетуі мүмкін!

ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫ

- Аспап осы Нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған.
- Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Сонымен қатар аспап үй-жайлардан тыс және ауа температурасы +15°C-ден төмен және ылғалдылығы жоғары жылытылмайтын үй-жайларда пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген пайдалану нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты болмайды.

ЖИЫНТЫҚТАМА

- | | |
|---|---------|
| 1. Шаңжинағышы мен сүзгілері бар шаңсорғыш (негізгі корпус) | 1 дана. |
| 2. Li-ion алмалы аккумуляторлық батареясы | 1 дана. |
| 3. Еденге арналған электр щеткасы | 1 дана. |
| 4. Зарядтау құрылғысы (адаптер) | 1 дана. |
| 5. Саңылаулы саптама | 1 дана. |
| 6. Жиыңға арналған щетка 2-үі 1-де | 1 дана. |
| 7. Білікті тазалауға арналған щетка | 1 дана. |
| 8. Құбыр | 1 дана. |
| 9. қабырғалық бекітпе | 1 дана. |
| 10. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | 1 дана. |
| 11. Кепілдік талоны | 1 дана. |



Ескертпе ретінде!

Осы «Пайдалану жөніндегі нұсқаулықта» келтірілген суреттерде тек жалпы, схемалық көрсіндемелер пайдаланылған, олардың нақты жасақтаушылардың сыртқы көрінісінен шамалы мөлшерде айырмашылықтары болуы мүмкін.

АСПАПТЫҢ СИПАТЫ

Аспап кафель, паркет, линолеум сияқты беттерді құрғақтай тазалауға, сондай-ақ қысқа түкті кілемдерді және жиназ тасын құрғақ шаң мен ұсақ құрғақ қоқыстарды сору жолымен тазалауға арналған.



АСПАПТЫҢ ҚАПТАМАСЫН АШУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

24





- Қорапты ашып, аспапты абайлап шығарып алыңыз, оны бүкіл орауыш материалдардан босатыңыз.
- Аспап корпусынан барлық жарнамалық жапсырмаларды шешіп алыңыз.
- Жеткізілім жиынтығын тексеріңіз («Жиынтықтама») бөлімін қараңыз).
- Барлық аксессуарлар мен адаптерді алып шығарыңыз.
- Аспаптың барлық жиынтықтауыштары зақымданбағанына көз жеткізіңіз.

ШАҢСОРҒЫШТЫ ЖИНАУ:



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шаңсорғыш тораптары пластиктен жасалған және бір-біріне жете қиюластырылған. Бекіткіштер мен отырғызу орындарының зақымдануын болдырмау үшін құрастыру кезінде күш салмаңыз. Бөлшектер қисаюусыз отырғызу орындарына орналасуын және бекіткіштермен сенімді бекітілуін қадағалаңыз.

1. БАТАРЕЯНЫ **ОРНАТЫҢЫЗ** ((егер ол алынған болса), суретте көрсетілгендей, сыртыл естілгенше дейін бағыттауыш бойынша орнатыңыз.
2. **ЕДЕНДІ ТАЗАЛАУ ҮШІН:**
 - Электр еден шеткасының саптамасын құбырдың саңылауына түйреуіштер ұяларға кіретіндей етіп салып, сырт етіп басылғанша басыңыз.
 - Құбырды шаңсорғыштың сору келтеқұбырымен қосыңыз.




3. АКСЕССУАРЛАР ЖИНАҒЫН ПАЙДАЛАНУ.

қажетті аксессуарды тікелей шаңсорғыштың соратын келтеқұбырына немесе соратын келтеқұбырға орнатылған түтікке орнатыңыз.



ДИСПЛЕЙ және БАСҚАРУ ТҮЙМЕЛЕРІ



ЕДЕНДЕР МЕН КІЛЕМ ЖАБЫНДАРЫН ТАЗАЛАУ

1. Батареяның қуатталғанына, адаптердің желіден өшкеніне және аспаптан ажыратылғанына, фильтр мен шаң жинағыштың сәйкес түрде шаңнан тазартылғанына көз жеткізіңіз ("ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮПІМ" бөлімін қараңыз) Сүзгі мен шаңжинағышы шаңға толы шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл шаң сорғыштың істен шығуына әкелуі мүмкін.
2. Қажет болғанда, алдыңғы бөлімнен 1-2 немесе 1-3 тармақтарды орындаңыз.
3. Аспапты іске қосу үшін тұтқадағы дисплей аймағындағы ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз (. (АСПАПТЫҢ СИПАТЫН қар.).

ЖҰМЫС РЕЖИМДЕРІ

Аспаптың екі жұмыс режимі бар:


I ECO (сорудың төмен жылдамдығы мен қуаттылығы, жұмыс істеудің ұзақ уақыты, режим әдепкі қалпы бойынша аспап іске қосылғанда іске қосылады) - Дисплейде индикатор 1 жанып тұрады.


II MAX (ең жоғары сору жылдамдығы мен қуаты, орташа жұмыс уақыты) - Дисплейдегі индикатор 2 жарқырайды.

II режимін таңдау үшін аспапты қосқаннан кейін жұмыс режимдерін ауыстыру түймесін 1 рет басу керек (-сурет). (АСПАПТЫҢ СИПАТЫН қар.). I ECO режиміне қайта оралу үшін түймесін тағы бір рет басыңыз

Батарея зарядын үнемдеу үшін I (ECO) режимді пайдалану ұсынылады (шаңсорғышты қосу түймесімен іске қосу). I режимде тазалау тиімділігі жеткіліксіз болған жағдайда (күшті қоқыстану жағдайында) II тазалау режимін (қосу түймесімен шаңсорғышты іске қосу және режимдерді таңдау түймесін бір рет басу) пайдалану керек. MAX режимінде аспап 2 мин. максималды қуатта жұмыс істейді содан кейін автоматты түрде орташа қуатқа ауысады

II MAX режимін негізгі тазалау режимі ретінде пайдалану ұсынылмайды.





ЕДЕНГЕ АРНАЛҒАН ЭЛЕКТР ЩЕТКА


Электрлік өден щеткасы еденнен тұрмыстық шаңды және айналмалы роликтің көмегімен қысқа қадалы кілемдерді (5 мм-ге дейін) жинауға арналған. Бітеліп қалу орын алған жағдайда шаңсорғышты пайдалануды дереу тоқтатыңыз және білікшені тазалауға шара қолданыңыз («ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ ЖАСАУ» тарауын қар.). Аспаппен жұмыс істеу кезінде, щетканы баспаңыз және щеткамен бүйірден екінші жаққа тербелмелі қозғалыстар жасамаңыз, бұл құбырды және оның қосылыстарын бұзыу мүмкін.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Тазалау кезінде құбырды басуға және құбыр мен щетканы және бүйірлік қозғалыстарды орындауға тыйым салынады. Бұл тазалау сапасын жақсартпайды және құбырдың, щетканың және қозғалтқыш блогының бұзылуына әкелуі мүмкін. Тазалау кезінде шаңсорғышты қысымсыз, алға-артқа қозғалыстармен жылжиты керек.

ЖИҢАЗДЫ ТАЗАЛАУ

- Батарея зарядталғанына, адаптер желіден сөндірілгеніне және аспаптан ажыратылғанына, сүзгі мен шаңжинағыш тиісті түрде шаңнан тазартылғанына көз жеткізіңіз («ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ» бөлімін қар.). Сүзгісі мен шаңжинағышы шаңға толы шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл шаң сорғыштың істен шығуына әкелуі мүмкін.
- Соратын келтеқұбырға қажетті аксессуарды кигізіңіз.
- Жиһазға арналған щетка 1-де-2 жиһаздың қаптамасын тазалауға, саңылаулы саптама – қолжетімділігі қиын жерлерді тазалауға жарамды.
- Аспапты іске қосу үшін ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз.
- Қажет болған жағдайда, режимді өзгертіңіз (сипаттамасын алдыңғы бөлімде қараңыз).
- Аспапты сөндіру үшін тағы бір рет ҚОСУ/ӨШІРУ түймесін басыңыз.
- Аспаптың жұмысы уақытында мотор өздігінен тоқтаған жағдайда аккумуляторлық батареяны (АКБ) зарядтауды жүргізіңіз және фильтр мен шаңжинағышты тазалаңыз.
- Қабырғалық бекітпеде қосымша саптамаларды сақтауға болады.



Жиһазға арналған саптаманы 1-де-2 пайдалану



Саңылаулық саптаманы пайдалану




Қабырғалық бекітпе

ҚАБЫРҒАЛЫҚ БЕКІТПЕНІ ОРНАТУ

Шаңсорғыш тазалау арасындағы үзілістерде қабырғаға бекіту арқылы, құбырмен және электр щеткасымен бірге қабырғаға бекітілуі керек. Батареяны зарядтау мүмкіндігі үшін электр розеткасының жанында қабырғаға бекіту орнын таңдау ұсынылады.

Жұмыс тәртібі:

- Қабырғалық бекітпені орнату үшін шаңсорғышты еденді тазалау сияқты құрастырыңыз (ШАҢСОРҒЫШТЫ ЖИНАҚТАУ бөлімін қараңыз, 1-2 тармақ).
- Шаңсорғышқа қабырға бекітпесін кигізіңіз.
- Қабырғалық бекітпелі шаңсорғышты қабырғаға жақын орнатыңыз.
- Шаңсорғышты алып тастап, бекітпені қабырғаға қысып ұстап тұрып, қабырғаға бекіту тесіктерінің орнын белгілеңіз. Еденнен тесіктердің ұсынылатын биіктігі - төменгі 85 см, жоғарғы 100 см.
- Бекітпені алып тастаңыз, қабырғаның материалына байланысты құралды таңдаңыз, белгіленген жерлерде саморездерге арналған тесіктерді бұрғылаңыз және қажет болған жағдайда бекітпеге арналған дюбельді орнатыңыз.
- Қабырға бекітпесін крест бұрағышпен (жинаққа кірмейді) қабырғаға саморездермен бекітіңіз.
- Шаңсорғышты орнатқанда, алдымен оны жоғарғы жағымен бекітпенің жылжымалы бөлігіне кіргізіп, содан кейін шаңсорғышты бекітпеге тігінен тірейді. Бекітпені дұрыс орнатқан кезде электр щеткасы еденде тұруы керек, ал бекітпенің жылжымалы бөлігі шаңсорғышты қабырғаға бекітуі керек.
- Шаңсорғышты шешкен кезде оны қабырғадан щеткамен алға апарып, бекітіштен алыңыз.



АКБ ЗАРЯДТАУ



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жинақтағы батарея разрядталған болуы мүмкін. Бірінші пайдалану алдында батареяны толықтай зарядтаңыз.



5°C-ден төмен және 40°C-ден жоғары температурада батареяның зарядталуын жүргізбеңіз және батареяны сақтамаңыз.

Аспаптың адаптерін желіге қосар алдында оның техникалық сипаттамалары желі параметрлеріне сәйкес келетінін тексеріңіз («Техникалық сипаттамалар» бөлімін қар.).

Бірінші пайдаланар алдында аккумулятор зарядталуы 6 – 8 сағат құрауы мүмкін.

Бұдан әрі толық зарядтау үшін 5 сағат жеткілікті болады.

Батарея толық зарядталғанша оның зарядталу процесін тоқтатпау қажет. Бұл АКБ қызмет мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

Аккумуляторды қуаттандыру аспаптың жинағына кіретін адаптер көмегімен ғана жүргізіледі.

Батареяны зарядтаудың 2 әдісі бар:

- Негізгі корпуста зарядтау.
- Аккумуляторлық батареяны аспаптан бөлек зарядтау.

Әрекеттер тәртібі:

- Адаптер айырын аспап тұтқасының төменгі жағындағы розеткаға немесе алынып тасталған батарея корпусына салыңыз.

<p>1</p> <p>Алғаш пайдаланар алдында батареяны толық разрядтаңыз және содан кейін толығымен зарядтаңыз</p>	<p>2</p> <p>Адаптерді желіге қосар алдында тех. сипаттамалары сәйкес келетінін тексеріңіз</p>	<p>3</p> <p>Зарядтау ұяшығы</p> <p>1-ші зарядтау тәсілі: Тікелей негізгі корпуста зарядтау</p>	<p>4</p> <p>Зарядтау ұяшығы</p> <p>2-ші зарядтау тәсілі: Аккумуляторлық батареяны тікелей зарядтау</p>	<p>5</p> <p>Бірінші зарядтау 6 – 8 сағатқа дейін</p> <p>Алғашқы зарядтау 6 – 8 сағат құрауы мүмкін. Бұдан әрі шамамен 5 сағат</p>	<p>6</p> <p>Егер аспап тез разрядталу туралы сигнал берсе АКБ-ны зарядтау ұсынылады</p>
--	---	--	--	---	---

- Адаптерді желіге қосыңыз. Егер батарея аспапқа орнатылса, дисплейдегі заряд индикаторы жыпылықтап, зарядтау пайызын көрсетеді. Батареяда бөлек заряд индикаторы бар.
- Толық зарядта дисплейдегі индикатор 100% зарядты көрсетеді.

АКБ АУЫСТЫРУ

Шаңсорғыштың осы моделінде алынбалы аккумуляторлық батарея қолданылады.

Батареяны алып тастау қажет болса, ажыратылған аспапта батареяны екі жағынан ажырату түймелерін басып, оны бағыттаушылармен артқа қарай сырғыту арқылы шығарыңыз.



Назар аударыңыз: аспаптың жұмысы уақытында немесе қуаттандыру уақытында батареяны шешуге/орнатуға тыйым салынады!

Батареяның сыйымдылығы мен аспаптың үздіксіз жұмыс уақыты уақыт өте келе төмендейді - бұл қалыпты

Батареяны диагностикалау немесе ауыстыру қажет болса, POLARIS авторизацияланған сервистік орталықтарына хабарласыңыз (сервистік орталықтар мекенжайлары жеткізілім жиынтығына кіреді және www.polaris.ru сайтында қолжетімді)



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Адаптер зарядталу кезінде жылып кетуі мүмкін - бұл қалыпты. **ЗАРЯДТАУДЫҢ ҚОСЫЛҒАН АДАПТЕРІМЕН АСПАП ІСКЕ ҚОСЫЛМАЙДЫ**

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ

- Аспапты сөндіріңіз, желіден ажыратыңыз және аспаптан адаптерді ажыратыңыз, егер ол қосылған болса.
- Аспапты және зарядтау құрылғысын суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
- Аспапты тазалау үшін қажақ материалдарды және органикалық еріткіштерді пайдаланбаңыз.
- Аспаптың металл бөліктерін таза құрғақ мата майлықпен сүртіп алып отырыңыз.
- Аспаптың пластик бөліктерін дымқыл сығылған мата майлықпен сүртіп алып отырыңыз. Су тамшылары болмауы тиіс.
- Аспапты құрғақ салқын жерде сақтаңыз.



ШАҢЖИНАҒЫШ КОНТЕЙНЕРДІ МЕН СҮЗГІНІ ТАЗАЛАУ

Шаңжинағыш контейнерді және сүзгіні тазалауды шаңсорғышты әрбір пайдаланғаннан кейін жүргізу қажет.

Фильтрлері шаңға толы шаңсорғышты пайдаланбаңыз, бұл мотордың істен шығуына әкелуі мүмкін.

- Аспапты сөндіріңіз. Адаптер желіден ажыратылған және аспаптан ажыратылған болуы тиіс. Құбыр мен саптамаларды ажыратыңыз.
- Шаңсорғышты бір қолыңызбен шаңжинағыштың қақпағын қоқыс жәшігінің үстінен төмен қаратып ұстап, шаңжинағыштың қақпағын бұғаттау түймесін басыңыз. Қоқысты сілкіңіз.
- Алдын ала HEPA сүзгісін шығарып алу үшін: шаңжинағыштың қақпағы ашық болған кезде, сағат тіліне қарсы кішігірім бұрышқа бұрылып, циклон сүзгісін төмен қарай тартыңыз. Сүзгі жүйесінің элементтерін мұқият тексеріп, HEPA-сүзгісін сағат тілімен кішігірім бұрышқа бұрап алыңыз. Зақымдану, ажырау немесе деформация болған кезде, зақымданған элементтерді ауыстырыңыз.
- Сүзгіні бүйір қабырғаларының шеттерімен ақырын соққылап, бірте-бірте теріс металл емес бетке айналдыру арқылы шаңды сілкіңіз.
- Қажет болған жағдайда, сүзгіні жууыш затты қолданбай, ағынды суық судың әлсіз ағынымен шайыңыз және бөлме температурасында құрғатыңыз. Су ағынын бағыттау - төменнен жоғары қарай (таза жағынан кірге қарай). Жиі жуу ұсынылмайды.
- Циклонды бөлікті ағынды суық судың әлсіз ағысының астында жуыңыз. Циклонды сүзгінің пластмасса корпусын жуу үшін, жұмсақ қылтанды қылшықты (жынтыққа кірмейді) пайдалануға жол беріледі, жұғыш құрамдарды пайдалануға жол берілмейді.
- Шығатын HEPA-сүзгісін шығарып алу үшін, шаңжинағыштың жоғарғы қақпағын сағат тіліне қарсы бұрап, оны алыңыз. Сүзгіні алып, қарап шығыңыз. Қажет болған жағдайда, онымен алдын ала сүзгідемен жасаған әрекетті жасаңыз. Оның лас жағы – ішкі жағы.
- Тазалағаннан кейін немесе жуу мен кептіргеннен кейін сүзгілейтін жүйені жинаңыз. HEPA сүзгіні және циклонды сүзгіні жинау және орнату үшін дәл сол әрекеттерді кері реттілікпен пайдаланыңыз.



Назар аударыңыз: ылғал сүзгілері бар, сонымен қатар зақымданған сүзгілері бар немесе сүзгілері жоқ шаңсорғышты пайдалануға тыйым салынады.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Сүзгілерді орнатқан кезде күш қолдануға жол бермеңіз, таңбалауды қадағалаңыз және құлыптау құлақшалары мен сүзгі элементіне зақым келтірмеу үшін сүзгілерді дұрыс орналастырыңыз.



Ескерту: әрбір тазалаудан кейін жоғарыда көрсетілген әдіспен шығу және алдын ала HEPA-сүзгілерін тексеру, тазалау қажет. Қажет болған жағдайда, сүзгілерді жаңаларға ауыстырыңыз (сүзгіге тапсырыс авторизацияланған сервистік орталық арқылы жүзеге асырылады).


HEPA-СҮЗГІНІҢ КОНСТРУКЦИЯСЫ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шығыс HEPA-сүзгінің жоғарғы және төменгі жағы бар (суретті қараңыз).

HEPA сүзгіні керісінше орнатуға болмайды.

HEPA-сүзгіні орнату/алу дұрыс ретпен орындалуы керек, атап айтқанда - жоғарғы бөлігінен ұстап, HEPA-сүзгіні алыңыз/орнатыңыз.

HEPA-сүзгісін басқа тәсілмен (төменгі бөлігін жоғары қаратып) орнатуға және қақпақпен жабуға болмайды, өйткені бұл аспаптың конструкциясын зақымдауы, шаң жинағыштың жоғарғы қақпағын ашу мүмкіндігін бұзғаттауы мүмкін.



Ескертпе ретінде! Ағымдағы бетте суреттерде қабылдауды жеңілдету үшін аспаптың қарама-қарсы корпусы қолданылған. Бұйымның түсі оның функционалдығына әсер етпейді. Барлық суреттер схемалық болып келеді.

ЭЛЕКТР ЩЕТКАНЫ ТАЗАЛАУ


Щетка мен білікті тазалау әр тазалаудан кейін жүргізіледі. Біліктің қатты ластануына жол бермеңіз.

Қылашықты білікке және жетек муфтасына оралған түткер, жіптер және сол сияқты қоқыстар біліктің айналуына кедергі келтіруі мүмкін, щетка жетегінің бұғатталуына, оның қызып кетуіне және істен шығуына әкелуі мүмкін.

Бұл пайдалану ережелерін бұзу болып табылады және Кепілдік міндеттемелеріне жатпайды.

Щетканы тазалау әрбір жинаудан кейін міндетті түрде білікшені алып, оның өзін және оның щеткадағы отырғызу орындарын тазалаумен қатар жүргізілуі тиіс.

- Аспапты сөндіріңіз. Адаптер желіден ажыратылған және аспаптан ажыратылған болуы тиіс.
- Бекіткіш түймені басып, электр щетканы құбырдан ажыратыңыз.
- Білікшені алу үшін щетканың бүйір бетіндегі бекіткішті ашық құлып символының бағытымен жылжытыңыз. Білікті мойынтіректің тіреуішінен ұстап, щетка корпусынан шығарыңыз. Мойынтіректегі тіректің айналу еркіндігін тексеріңіз, қажет болған жағдайда тіректі щетканың осі бойымен тартып, мойынтіректі тазалаңыз.
- Білікше щетканың корпусынан алынған кезде, оны оралған шаштан және жіптерден қайшының көмегімен оңай тазалауға болады.
- Тазалау үшін щетканы пайдаланыңыз (негізгі электр щеткасының бүйіріндегі корпустан орналасқан, оны алу үшін контейнерді басыңыз, сары түспен белгіленген).
- Білікті щетканың корпусына жинау және орнына қою кері ретпен жүзеге асырылады.
- Щетка мен электр жетектің бөлшектері қатты ластанған жағдайда бөлшектеу және тазалау үшін авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.
(Шаңсорғыш бөлшектерін тазалауға байланысты жұмыстар кепілдік қызмет көрсетуге кірмейді).



САҚТАУ

1. Аспап желден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Аспапты тазалаңыз.
3. Аспапты құрғатып сүртіңіз және аспаптың құрғақ, салқын жерде сақталуын қадағалаңыз.
4. Ұзақ уақыт бойы пайдаланбай сақтағанда, аккумулятор батареясының жағдайын тұрақты тексеріп, қажет болған жағдайда оның зарядталуын жүргізіңіз. Егер аспап ұзақ пайдаланылмаса, АКБ зарядтауды әрбір 3 ай сайын алдын ала толық разрядтап жүргізу ұсынылады, ол үшін аспапты барынша мүмкін болатын уақытқа іске қосу қажет.
5. Электр аспаптары жабық құрғақ және таза үй-жайда қоршаған ауаның температурасы плюс 5°C төмен емес және плюс 40°C жоғары емес салыстырмалы ылғалдылығы 70% жоғары емес және қоршаған ортада электр аспаптарының материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқыл және басқа да булар болмаған кезде сақталады.

ТАСЫМАЛДАУ

Электр аспаптары нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады. Аспапты тасымалдағанда, зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз.

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың теріс температурасының тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы керек.



Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапты тұрмыстық қалдықтармен бірге шығырып тастамаңыз. Оны одан әрі қадеге жаратуға арналған мамандырылған пунктке тапсырыңыз. Сіз осымен қоршаған ортаны қорғауға көмектесе аласыз

ӨТКІЗУ

Өткізу ережелері белгіленбеген.

КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің және қолданыстағы санитарлық нормалар мен қондаалардың талаптарына сәйкес кейіннен кәдеге жаратыла отырып, міндетті түрде жиналуға жатады.

АҚАУЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖОЮ ӘДІСТЕРІ

32

Бұл кестеде аспапты пайдалану кезінде туындауы мүмкін болатын ең көп таралған мәселелер атап өтілген.

Егер туындаған мәселелерді өз бетінше шешу мүмкін болмаса, тұтынушыларды қолдау орталығына немесе авторизацияланған сервис орталығына жүгініңіз.



Назар аударыңыз! Егер Сіз төменде сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS авторланған сервистік орталығына хабарласуды сұраймыз.

Ақаулықтың көрінуі	Пайда болу себептері	Жою әдістері
Аспап іске қосылмайды	АКБ разрядталған	АКБ зарядтаңыз
Аспап зарядталмайды	Адаптер желіге қосылмаған Адаптер аспап жиынтығына кірмейді	Адаптерді желіге қосыңыз Адаптердің осы аспапқа тиесілі екенін тексеріңіз
Сору қуаты жеткіліксіз немесе жұмыс кезінде төмендейді	Шаңжинағыш контейнерде, сүзгіште немесе саптамда бітеліп қалу пайда болды	Шаңжинағыш контейнерді тазалаңыз. Сүзгіні тазалаңыз немесе ауыстырыңыз. Саптамдағы бітеліп қалуды тексеріңіз және жойыңыз
Жұмыс кезіндегі электр разрядтары және саптам корпусына шаңның жабысып қалуы	Үй-жайдағы ауаның төмен ылғалдылығына байланысты статикалық электр	Үй-жайдағы ауаны ылғалдандыру шараларын қолданыңыз. Статикалық зарядтарды арылту үшін, металл заттарға саптаманы үнемі жақындатып ұстаңыз
Жұмыс кезінде аспаптың күтпеген жерде сөніп қалуы	1. Мотор немесе щеткаңың артық қызуынан, бұғатталуынан қорғаныш құрылғысы іске қосылды 2. Аккумулятордың толық разрядталуы	Қызуудың ықтимал себептерін жойыңыз (шаңжинағыштың, сүзгінің және саптамалардың ластануы). Қайталап қосар алдында, аспапқа салқындауы үшін 30 минуттан кем емес уақыт беріңіз Аккумуляторлық батареяның зарядталуын жүргізіңіз.
Аспаптың жұмысы кезінде электр щеткасының күтпеген тоқтап қалуы	Электр щеткасы шаш, жіп, жүн және т.б. қоқсыпен көмкерілген.	Электр щеткасының білігіне тазалау жүргізіңіз. Тазартылған біліктің айнамай қалған кезде СО жүгініңіз.




Бұл электр аспабы өзін-өзі диагностикалау жүйесімен жабдықталған.

Төменде аспап дисплейінде көрсетілуі мүмкін аспаптың жұмысындағы ықтимал қате кодтары берілген.

Қателік кодын көрсету аспаптың өндірістік жетіспеушілігінің пайда болуын, сондай-ақ дұрыс жұмыс істемеу нәтижесінде пайда болатын аспаптың қалыпты жұмысына кедергі келтіруді білдіруі мүмкін.

Кестеде берілген нұсқауларды орындаңыз.

1-сурет Аспап дисплейі



* Индикаторлардың түс белгісі тек суретте көрсетілген. Аспап түс индикациясына ие емес.

ҚАТЕЛІК ИНДИКАЦИЯСЫ	ИНДИКАЦИЯ СЕБЕБІ	ҚАЖЕТПІ ӘРЕКЕТТЕР
*LED1 5 рет жыпылықтайды және сөнеді	Батарея қуаты таусылды	Батареяны зарядтаңыз
LED1/LED2/LED3 2 рет баяу жыпылықтайды және сөнеді	Батарея қатты қызады	Аспапты өшіріңіз және толық суығанша суытып алыңыз
LED1/LED2/LED3 баяу 5 рет жыпылықтайды және сөнеді	Қысқа тұйықталу кезінде қорғау	Диагностика үшін сервистік орталыққа жүгініңіз
LED1/LED2/LED3 жылдам 5 рет жыпылықтайды және сөнеді	Батарея ақаулығы	Батареяны ауыстырыңыз
LED1/LED2/LED3 баяу 10 рет жыпылықтайды және сөнеді	Мотор тоғы бойынша артық жүктеме	Сүзгілерді ластануын тексеріңіз Саптамаларды алынатын бетке мықтап басаңыз
LED1/LED2/LED3 жылдам 10 рет жыпылықтайды және сөнеді	Қуат адаптерінің ақаулығы	Қуат адаптерін ауыстырыңыз
LED1/LED2/LED3 жылдам 15 рет жыпылықтайды және сөнеді	Батареяны артық зарядтаудан қорғау	Қуат адаптерін ауыстырыңыз, диагностика үшін сервистік орталыққа хабарласыңыз
LED2 тұрақты жыпылықтайды	Еден шеткасы бұғатталған	Шаңсорғышты ажыратыңыз, нұсқаулыққа сәйкес еден шеткасын тазалаңыз

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PVCS 5100 – бұл POLARIS сауда белгісінің тұрмыстық электр шаңсорғышы

Шаң жинағыш контейнердің көлемі: 0,6 л

Қуат көзі: аккумуляторлық батарея Li-Ion 2200 мАч 22,2 В

АКБ зарядтау уақыты: бірінші қолдану кезінде 6-8 сағат, кейіннен 5 сағатқа дейін

АКБ-дан жұмыс істеу уақыты: таңдалған режим мен конфигурацияға байланысты 9-дан 40 мин-ға дейін

Зарядтау құрылғысы: PAD 1600C

Зарядтау құрылғысы сипаттамалары:

Кіріс кернеуі: 100-240 В

Жиілігі: 50-60 Гц

Шығыс кернеуі: 26,0 В

Шығыс ток: 0,5 А

Қорғау санаты - II

Ескертпе: өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Өндіруші пайдаланушы осыған назар аударары деп үміттенеді.

Жұмыс режимі	Толық зарядталған АКБ-дан жұмыс істеу уақыты (минуттар)*
1 ECO (әдепкі қалпы бойынша іске қосылады)	27 - 40
2 MAX	9 – 20*

*Аспап ең жоғары қуатта 2 мин. жұмыс істейді, содан кейін автоматты түрде орташа қуатқа ауысады.

СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» талаптардың сәйкестігіне растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады. Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің уәкілетті өкілінен ала аласыз



Бұйымның қызмет мерзімі:	3 жылу
Инверторлық моторға берілетін кепілдік мерзімі:	10 жыл
Шаңсорғышқа кепілдік мерзімі:	Сатып алған күннен бастап 24 ай
Өндірілген күні:	аспаптың нәліде көрсетілген
АКБ-ға кепілдік мерзімі:	сатып алған күннен бастап 6 ай.

Бұйым құрамына табиғи тозуға бейім және/немесе шектеулі қызмет ету мерзімі бар және оларың ресурстары аяқталғаннан кейін тегін ауыстырылуға жататын құрамдас бөлшектер кіреді. Осы құрамдас бөлшектерге Дайындаушы шектеулі кепілдік береді. Бұл тауарда осындайлар мыналар болып табылады:

- Аккумуляторлық батарея – кепілдік мерзімі 6 ай
- Моторландырылған электр шеткалары - пайдалану ережелерін сақтаған жағдайда кепілдік мерзімі 12 ай (біліктерге, қоқыс жинағыштарға, тығыздағыштарға, жетек бөліктеріне және шеткалардың айналмалы элементтеріне кепілдік қолданылмайды)

Дайындаушы: НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД, № 158 Доншан Лю, Хушан Чжиджао, Цыси, Чжэцзян Провинциясы, ҚХР
НИНБО ЭЛМАР ЭЛЕКТРИК МЭНЬЮФЕКЧЕ КО., ЛТД зауытында
Хуэйлуан өнеркәсіптік аймағы, Цюай Таун, Иньчжоу Дистрикт, Нинбо, Чжэцзян провинциясы, Қытай

Қытайда өндірілген.
Импорттаушы және өндірушінің РФ-дағы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:

"ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, Ресей, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат, 1-үй-жай, 13-бөлме.

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78

Authorized representative of the manufacturer in EU:

JSC "HTV1", Švitrigailos g. 11 A, Vilnius, LT-03228

КЕПІЛДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Тұрмыстық электр шақсорғышы
Модель: PVC5 9806

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 24 ай бойы әрекет етеді және («тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы») РФ Заңына сәйкес бұйымға кепілдік қызмет көрсетілуін білдіреді.

- Өндірушінің кепілдікті міндеттемелері («POLARIS») сауда маркасымен шығарылатын және өндіруші уәкілеттік берген сатушылардан, кепілдік қызмет көрсетілетін елдерде (сатып алу орнына қарамастан) сатып алынған барлық үлгілерге қолданылады.
- Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.
- Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуі;
 - Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы қағидаларының талаптарын бұза отырып, бұйымды оның тікелей мақсаты бойынша пайдаланбау, сондай-ақ бұйымды орнату мен пайдаланудан тұратын дұрыс пайдаланбау;
 - Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;
 - Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі беттің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;
 - Өңдеу бөлшектерінің, саптамалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қақыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, шеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуы;
 - Авторланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар бұйымды жөндеуінен;

- Тасымалдау кезінде, оны дұрыс пайдаланбау кезінде, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификацияларға немесе дербес жөндеуге байланысты бұйымның зақымдануы.
- Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе ондағы деректер жойылған не түзетілген болса, дайындаушы кепілдікті міндеттемелер үшін жауапты болмайды.
 - Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтарының мекенжайлары: www.polaris.ru
Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күні растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.
Мұндай құжаттар POLARIS тоқтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.
Бұйымды сатып алу күні растайтын құжат ұсынылмаған кезде кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.
Дайындалған күні бұйымның артық қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген

